



# ИУДАИЗМ, ХРИСТИАНДЫҚ ЖӘНЕ ИСЛАМДАҒЫ 4000 ЖЫЛДЫҚ ІЗДЕНІС: ҚҰДАЙТАНУ БАЯНЫ

Құдайды жаңаша түсіну





**Дәрістің мақсаты:** ХХ ғасырдағы философтар, жазушылар, ғалымдар заманауи адам үшін Құдай қандай болатынын түсінуі туралы білу.

**Сабақтың негізгі терминдері:** синхронистік, акаузальдік, парапсихология, апофения.

**Құдай жоқ болса, оны жасау керек.** Альфред Адлер (1870–1937) Құдайды қиялдың жемісі десе де, оған сенудің адамзатқа пайдасы мол екенін тілге тиек етті. Ол жарқын және ықпалды ұлылық символы. Карл Густав Юнгтің (1875–1961) Құдайы мистиктердің Құдайын еске салады. Әр адамның таным деңгейіне қарай өзгеретін психологиялық ақиқат. Джон Фриман атақты «Бетпе-бет» деген бағдарламасында Құдайға сенетін-сенбейтінін сұрағанда Юнг былай деп нығарлап жауап берген еді: «Сенуге мәжбүр емеспін. Білемін!». Юнгтің сенімі дербес Құдайды, жанының терең қатпарларында жасырын сақталған, ұдайы жетілуге үндейтін, психоаналитика ғылымынан кейін де өмір сүретін, бір қарағанда субъективті және антропологиялық Құдайды меңзейді.

**Тәңір тарихы – адамзаттың танымы.** «4000 жыл ішінде ол уақыт талабына сай жағдайға келді, алайда осы ғасырда бірте-бірте оны іске алғысыз деп тапқан адамдар саны артып келеді. Діни идеяның қызметі сарқылса, дін әлсірей түседі. Бәлкім, Құдай шынымен күні өткен бір идея болар Еуропада шіркеулер босап қалды. Атеизм енді бірнеше интеллектуал көсем машақат тартып қол жеткізген идеология емес, басым көңіл күйге айналды», – дейді Карен. Сондай-ақ, қаңырап қалғандай көңіл күй кешу де бар. Жан-Поль Сартр (1905–1980) адам санасындағы Құдайлық саңылау жайында сөз қозғады.

Мұнда ақиқатты атап өту керек: қазіргі уақытқа дейін массалық деңгейде Исламды уағыздаушылар осындай «ғылыми дәлелдерге» үн қатып, ғылымның ХХ ғасырда ғана ашқан жаңалығы Құранда о баста жазылған дейді. Осындай уағыздаушылар сана деңгейінде кез келген ұтымды «ғылыми» дәлелді қарама-қарсылықпен қарсы алуға болатындығын түсіне алмайды. Осылайша олар сенімнің беделін түсіреді.

**Ғылымның құдайы үстемдік етсін.** Ғылым мен дінді байланыстыру теологтарда болды. Енді иезуиттер орденінің мүшесі Пьер Тейяр де Шарден (1881–1955) Құдайға деген сенімін заманауи ғылыммен ұштастырды. Сонымен қатар, ол геолог, биолог, палеонтолог, археолог, антрополог ретінде, синантропты ашқан алғашқылар ретінде танымал еді. Жиырма жыл Қытайда экспедицияда болды. Жаңа теология жазу үшін өзінің эволюция түсінігіне сүйенді. Бүкіл эволюциялық күресті, әлемді материядан рухқа, адамға, соңында адамнан тыс Құдай жетелейтін иләһи күш ретінде көрді. Құдай дүниеде көрініс тапты және ол барлық жерде бар. Де Шарден адам Исаға жүгінгенше, христиандардың, Павелдің колосстықтар мен эфестіктерге жолдауларындағы Мессияның әлемдік бейнесін жетілдіруін насихаттады. Бұл тұрғыда Мессия – әлемнің «соңғы бағыты», Құдай барлық нәрсені қамтығанда, эволюциялық процестің шыңына жетті. Киелі жазбалар бізге Құдай махаббат деп үйретеді.

Синхронистік К.Г. Юнгтің терминін синхронистік себептілік принципіне қарсы қояды, табиғатта тұрақты іс-әрекет жасайтын акаузальді шығармашылық принцип ретінде, «физикалық емес жолмен» (себепсіздік) тек олардың мәнінің негізінде оқиғаны реттеу.

Акаузальдік-себептік байланыстан және тәуелділіктен тыс болу, өтіп жатқан, туындаған немесе пайда болған басқа нәрсе нәтижесіндегі, себепсіздік механизмдер және қозғалыстар.

Парапсихология (грек. сөз. para – тыс, маңы, жанында) – ғылымға белгілі сезім органдарының қызметімен байланыспаған, сезімнен тыс (экстрасенсорлық) ақпаратты қабылдауды зерттеу. Академиялық ғылымдар тұрғысында парапсихология – бұл жалған ғылым.

Апофения – кездейсоқ немесе мәнсіз деректерден құрылым немесе өзара байланыс көру қабілетіне негізделген қобалжу.

## Қорытынды

«Тәңір тарихы» кітабы дінтану саласында төңкеріс жасаған, адамзаттың Тәңір туралы ізденістерінің төрт мыңжылдық тарихын сипаттап шыққан еңбек. Бұл кітап жарыққа шыққан кезде дүниежүзінде үлкен серпіліс тудырды және көптеген тілдерге аударылды. Әсіресе діндер



тарихы саласында Карен Армстронгтың «Тәңір тарихы» кітабының маңызы ерекше болып саналады. Үш негізгі біртәңірлік діндер – яһудилік, христиандық пен ислам діндерін зерттей отырып, Карен Армстронг қазіргі таңда сенуші және атеист болудың оңай емес екендігін айтады. Діндарлар мен атеистер Құдайға сенемін немесе сенбеймін деген кезде Тәңір туралы ойланбайды. Сонымен қатар, барлық адамзат тарихында Тәңір туралы түсініктің үздіксіз өзгеріп отырғандығы олардың қаперінде жоқ.

Кітапта бүгінгі кездегі негізгі монотеистік діндер – яһудилік, христиандық және исламның басынан өткен өзгерістер панорамасы көрсетілген. Олардың бәрінің шығу тегі бір және олар тоқетерін айтқанда, бір Тәңірге ғана сенеді. Бірте-бірте Бір Тәңір туралы түсінікпен қосылып, қабысып кеткен о дүниелік күштер туралы ұғымның қалайша және неге туындағаны да қарастырылады және Тәңір немен айналысады, сонымен қатар, Тәңір деген кім деген де сұрақ туындайды.

Автор қазірде дін қалай пайда болды деген сұраққа жауап беру мүмкін емес дейді, себебі Шумер мен Бабыл дәуіріне қатысты ең ерте діни құжаттар адамзаттың одан бұрынғы мыңжылдық толғанысының нәтижесі болып табылады.

Армстронгтың көрсеткеніндей, барлық үш дінге ортақ қасиетті кітап – Көне Өсиетте ежелгі иудейлердің ертедегі политеизмнің сарыны жеткілікті түрде сипатталған. Олар көптеген жылдар бойы бұл деректерді жойып отырды және осы мәліметтердің ізін жою үшін киелі кітаптарды қайтадан өзгертіп жазды. Алайда діннің ғылыми қағидалардан ерекшеленетін жері де осында – онда дәстүр үлкен рөл ойнайтын болғандықтан, өткен тарихты сылып тастау мүмкін емес. Киелі кітаптар да күрделі құрамдас және көп қатпарлы шығармалар ретінде танылған. Оларға түсініктеме беру діни қауымдастықтың өмірін құрайды. Дін – діни қауымдастықтарды қазіргі өзгермелі қоғамға бейімдеуге жол ашады. Діни көзқарастар тек «пайда әкелуден қалған кезде түбегейлі өзгеріске ұшырайды. Алайда киелі кітаптардың күрделілігі Тәңір туралы түсінікке мистикалық және шығармашылық бастау енгізуге мүмкіндік береді. Сондықтан оны егжей-тегжейлі сынау дін ұстанушыларды қанағаттандырмайды. Олар дінді қаз-қалпында ереже бойынша ұғынбайды. Діндерде параллель жолдармен жүріп отырған діни түсініктердің дамуы бір мәселемен философияны, мистиканы және Тәңірге антропологиялық түсінікті шоғырландырумен қақтығысты және бұл өте қиын болды. Бұл айтылған жайттардың барлығы әртүрлі бағыттар тудыра отырып, үнемі бәсекелестікте болды.

Қорыта келгенде айтарымыз, Карен Армстронгтың «Тәңір тарихы» еңбегі діндер тарихында үлкен маңызға ие, бірегей еңбек болып табылады. Онда әр діндер өкілдерінің арасында Тәңір түсінігінің дамуы барынша шынайы әрі объективтік сипатта айқын көрсетілген.

Карен Армстронг киелі кітаптардағы тарихты секуляризм немесе зайырлы тарихтан ажыратып, «киелі тарих» деп атайды, яғни ойшылдың тарих философиясы тұжырымы бойынша тарих киелі тарих және секулярлы тарих болып екіге бөлінеді. Ол Тәурат, Інжіл және Құран Кәрім тарихын киелі тарих деп көрсетеді. Трансцендентті мәнге ие болған киелі тарихтың белгілі ерекшеліктері бойынша Тәңірінің белсенділігі мен Оның сұрау алушы күшке ие екендігі басты орын алады. Бұл тұрғыда назарға алуға тиісті басты мәселе тарихта оқиғалардың барысы өз бетінше емес, Тәңірдің қалауымен жүзеге асырылады, яғни Тәңір белгілі уақыттарда тарихқа араласады, тарихты құрады және жүргізеді.

Карен Армстронг дін тарихшысы болғандықтан, тарихтың өзегіне, алтын арқауына Тәңірді қойып қарастырады. Шығармаларының негізінде яһуди, христиан және Исламның Тәңір түсінігін, бұл діндердің пайғамбарларын, адамзаттың иман төңірегінде қаншама ғасырлар бойы жүргізген тәжірибесін қозғап отырады. Армстронг тарих бойынша адамдардың өз рухтарының өткінші дүниеден жоғары тұрған қасиетін сезінгендіктерін, адамдардың адам ретінде танылған сәттен беруі Тәңірге табына бастағанын тілге тиек етеді.

Карен Армстронг «Батыс қоғамының діннен тыс әрекеттеріне қарамастан, Тәңір түсінігі миллиондаған адамдарға әсер етті» дей отырып, діннің адамзат тарихындағы ықпалын ашып көрсетеді.

Армстронг дін билік жүргізген патшалардың және монахтардың бастапқыдағы ережесімен кетпейді, оның адамзат үшін табиғи құрылымы бар деп сипаттайды. Шындығында қазіргі таңда үстем болып орныққан зайырлылық қағидасы жаңа түсінік, оның адамзат тарихында үлгі-өрнегі болмаған дейді. Қысқасы Ясауидің алтын ережесін, Карен де өз еңбегінде негізге



желі ретінде алады. Ол адамға дініне, түріне, түсіне, тегіне қарамастан Құдайдың жаратқан болмысы деген құрметті ұмытпауды ұсынады. Бұл ойды «Абай атамыз да «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым» деп, кезінде мұра ретінде қалдырған болатын.

### **Дербес жұмыстарға арналған тапсырмалар**

1. Фрейдтің «Құдай – біздің қалауымыз ба қорқынышымыздың проекциясы» тезисін қалай түсінесіз?
2. Радикалды дінтану деген не?
3. Юнгтің психологиясындағы және физикадағы «акаузальдік» түсінігін түсіндіріңіз?
4. Мартин Бубер бойынша мен-сен қатынасы мен-ол қатынасынан немен ерекшеленеді?
5. 1979 жылғы Иран төңкерісі туралы айтыңыз. Онда ислам факторы қандай рөл атқарды?

### **Бақылау сұрақтары**

1. Зигмунд Фрейд дінге қалай қарады?
2. Синхронистік деген не?
3. Акаузальдік деген не?